

**Қалалық мәслихаттың тұрақты комиссияларының 2017 жылғы
24 қарашадағы бірлескен отырысының қаулысы****«Алматы», «Есіл», «Сарыарқа»
аудандарының учаскелік полиция
инспекторларының қоғамдық
тәртіпті қорғау және қала аумағында
қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету
жөніндегі жұмысы туралы**

Қалалық мәслихаттың тұрақты комиссиялары «Алматы», «Есіл», «Сарыарқа» аудандарының Ішкі істер басқармаларының жергілікті полиция қызметтері басшыларының «Алматы», «Есіл», «Сарыарқа» аудандарының учаскелік полиция инспекторларының қоғамдық тәртіпті қорғау және қала аумағында қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі жұмысы туралы ақпараты тыңдап, талқылай отыра, «Алматы», «Есіл», «Сарыарқа» аудандарының учаскелік полиция инспекторлары қызмет көрсететін әкімшілік учаскелерінің азаматтарымен тығыз сенімді қатынастар орнату бойынша нақты жұмыстар жүргізіп жатқандығын анықтады.

Қаланың учаскелік полиция инспекторлары қызметтік жұмыстың тиімділігін көтеруге, қала аумағында құқық бұзушылықтың алдын алу және ескертуге бағытталған ұйымдастыру және тәжірибелік іс-шаралар кешенін жүргізуде.

Астана қаласында 2017 жылдың 9 айында 255 іс-шара ұйымдастырып, өткізді, олар: 42 шұғыл – алдын алу іс-шаралары, 213 локальды – рейдтік іс-шаралар.

Шамамен 402 түрлі іс-шараны қоғамдық қорғау қамтамасыз етілді: 73 литерлі, 34 қоғамдық – саяси, 37 мәдени – ойын – сауық және 258 спорттық-көпшілік.

Шұғыл жағдайды тұрақтандыру мақсатында Шұғыл басқару орталығының мәліметі есебімен күн сайынғы шұғыл жағдайды талдау жолымен учаскелік полиция бекеттерінің аумағы бойынша патрульды нарядтардың бағыттарын жоспарлау іске асырылады.

«Бес институционалды реформаны іске асыру бойынша 100 нақты қадам»- Ұлт жоспарының 30 - қадамын орындауға орай барлық шағын құқық бұзушылықтарға «нөлдік шыдамдылықты» қалыптастыру жөнінде жұмыс жалғасуда.

Қоғамдық тәртіпті нығайту, құқық бұзушылықтың алдын алу, қоғамдық орындардағы және көшелердегі қылмыспен күресу мақсатында Астана қаласының «Алматы» ауданының ІІБ жергілікті полиция қызметінің қызметкерлері сот жүйесі органдарымен бірге 6 көшпелі сот отырысын, «Есіл» ауданында 16 сот отырысын, «Сарыарқа» ауданында 2 сот отырысын өткізді.

Үйлердің аулаларында, кіреберістерде бейнебақылау камераларын орнату қажеттілігі туралы халық арасында учаскелік полиция инспекторларының түсіндіру жұмыстарын жүргізу жолымен өзгенің мүлкін ұрлаудың алдын алу жөніндегі іс-шаралар жүргізілуде.

Халық арасында Жергілікті полиция қызметінің және жалпы ішкі істер органдарының бейнесін және мәртебесін көтеруге қол жеткізу, азаматтармен тығыз сенімді қатынастар орнату, экстремизм мен терроризм фактілерін анықтау және болдырмау, қызмет көрсетілетін әкімшілік учаскелерде құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында «Учаске» шұғыл – алдын алу іс-шарасы өткізілуде.

Әкімшілік қадағалауда тұрған, жазадан шартты түрде шұғыл босаған, тәртібіне ерекше талаптар шығарылған тұлғалармен жұмыс істеу ерекше бақылауда.

Барлық желілер бойынша жасалған қылмыстар талдауы жүргізілді, жұмысты ұйымдастыруда жол берілген кемшіліктердің себептері зерделенді.

Есепті кезеңде жүргізілген алдын алу іс-шаралары нәтижесінде бұзақылықтың өсуі төмендеді және қылмысты ашу деңгейінің өсуі ұлғайды.

Учаскелік полиция инспекторлары кәмелет жасына толмағандар ісі жөніндегі инспекторлармен бірге «мас түрде жасалған қылмыстың» алдын алу үшін тәуліктің түнгі уақытында спирттік сусындарды іске асыруды тексеру бойынша жұмысты жүйелі түрде жүргізуде.

Қоғамдық орындарда жасалатын қылмыстың алдын алу және ескерту мақсатында «Алматы», «Есіл», «Сарыарқа» аудандарының учаскелік полиция инспекторлары әкімдіктердің өкілдерімен, ПИК төрағаларымен, әкімшілік учаскенің тұрғындарымен және күзет құрылымдарының қатысуымен халық алдында есепті кездесулер өткізді.

Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуде құқық қорғау бағытындағы қоғамдық құрылымдар, учаскелік полиция инспекторларының ерікті көмекшілері және «консьерждер» тарапынан үлкен көмек көрсетіледі. Консьерждердің және штаттан тыс көмекшілердің көмегімен 150 - ден астам құқық бұзушы ұсталды.

Барлық тұрғын үйлерді, құрылыс объектілерін, иесі жоқ ғимараттарды, алыс орналасқан учаскелерді, саяжай орындарын, сауда орындарын аралау бойынша алдын алу іс-шаралары ұйымдастырылады.

Құқық бұзушылыққа уақытында әсер ету мақсатында аудандық әкімдіктің қолдауымен мессенджерлерде Сарыарқа құқықтық тәртіп (489 қатысушы), Сарыарқа ПИК (407 қатысушы), аудан әкімдігі (784 қатысушы) чаттары топтары құрылып, жұмыс істеуде.

Жұмыспен қамту, еңбек және әлеуметтік қорғау және қоғамдық қорлармен бірге бас бостандығынан айыру орындарынан босаған және ішкі істер бөлімінде есепте тұрған тұлғаларды әлеуметтік бейімдеу үшін семинарлар, бос орындар жәрмеңкесі, дөңгелек үстелдер өткізіледі. Халық арасында қылмыстардан және өзге де заңсыз әрекеттерден құқықтық қорғау құралдары және тәсілдері туралы құқықтық түсіндіру жұмысы жүргізіледі.

Барлық іс-шаралар бұқаралық ақпарат құралдары - «Хабар», «Еуразия», «Қазақстан» телеарналарында және «КазИнфо», «Вечерняя Астана» газеттерінде жарияланады.

Сонымен бірге, қалалық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен отырысы қылмысты жасауға әсер еткен себептер мен жағдайларды жоюға бағытталған жүргізіліп жатқан іс-шараларға қарамастан шешімін таппаған мәселелер бар.

Азаматтардың мас күйінде жасаған қылмыстарының және қоғамдық орындарда кәмелет жасына толмағандар жасаған қылмыстардың өсуі байқалады. Отбасылық – тұрмыстық қатынастар саласында құқық бұзушылықтар ұлғаюда.

Құқық бұзушылыққа және қылмыс жасауға әсер ететін себептер мен жағдайларды жою туралы «Алматы» ауданының учаскелік полиция инспекторлары 662 ұсыным, «Есіл» ауданы – 492 ұсыным шығарды.

Қаланың ойын – сауық орындарында білікті күзеттің болмауынан заңсыз әрекеттер жасау үшін барлық жағдайлар жасалған.

Қала тұрғындарының тәуліктің түнгі уақытында тыныштықты бұзуға қатысты арыздары жиілеп кетті.

Азаматтық қару иелерінің Қаруды тіркеу және қайтадан тіркеу мерзімдерін бұзу және қаруды сақтау ережесін бұзу фактілері бар.

Қалалық мәслихаттың тұрақты комиссиялары көпшілік тындаулардың қатысушыларының талқылауының нәтижесінде **ҰСЫНАДЫ:**

1. «Алматы», «Есіл», «Сарыарқа» аудандарының Ішкі істер басқармаларының жергілікті полиция қызметтері басшыларының ««Алматы», «Есіл», «Сарыарқа» аудандарының учаскелік полиция инспекторларының қоғамдық тәртіпті қорғау және қала аумағында қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі жұмысы туралы» ақпараты назарға алынсын.

2. Астана қаласының әкімдігіне:

- қоғамдық тәртіпті қорғау, жол қауіпсіздігі, құқық бұзушылықтың алдын алу, тұрмыстық, рецидивті және жасөспірімдер қылмысы салаларында даму бағдарламасының нысаналы индикаторларын орындауға көмек көрсету;

- елорда аумағында қоғамдық тәртіпті қорғау және қауіпсіздікті қамтамасыз етуді ұйымдастыру және қоғамдық тәртіпті қорғауға азаматтарды тарту бойынша шаралар қабылдау ұсынылсын.

3. Астана қаласының Ішкі істер департаментіне Ішкі істер департаментінің Жергілікті полиция қызметінің, «Алматы», «Есіл», «Сарыарқа» аудандарының Ішкі істер басқармасының Жергілікті полиция қызметінің жұмысын қала аумағында шұғыл жағдайды тұрақтандыру және құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету үшін белсендендіру ұсынылсын.

4. Астана қаласының Ішкі істер департаментінің Жергілікті полиция қызметіне:

- алкогольді өнімді өндіру бойынша Қазақстан Республикасының заңнама талаптарын бұзған тұлғаларды қоғамдық орындарда алкогольді сусындар ішкені үшін әкімшілік жауапкершілікке тарту;

- кәмелет жасына толмағандар жасаған қылмыстың өсуін төмендету үшін мектеп инспекторларымен бірге оқудан тыс уақытта жасөспірімдермен алдын алу жұмыстарын жүргізу, оларды мәдени – спорттық іс-шараларға қатысуға тарту;

- жергілікті полиция қызметінің құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері арасында тәрбиелеу жұмысын ұйымдастыру, оларды тәртіпті сақтауларын қамтамасыз ету және біліктіліктерін көтеру үшін кәсіби қайта даярлауға және «Құқықтық қорғау қызметі туралы» Қазақстан Республикасының заңына сәйкес тәжірибеден өтуге жіберу;

- тұрақты мекенжайын ерікті түрде тастағаны үшін іздеуге беру және шартты – мерзімді босатуды жою туралы сотқа материалдарды уақытында жолдау;

- қаланың ойын – сауық орындарында заңсыз әрекеттер жасауға әсер еткен себептер мен жағдайларды жою бойынша шаралар қабылдау;


- қызметкерлерді кәсіби қайта даярлауды көтеруге «Құқықтық қорғау қызметі туралы» Қазақстан Республикасының заңына сәйкес тәжірибеден өту және біліктілігін көтеру үшін жіберу;

- жеке тұлғалардың азаматтық қаруларды және олардың оқтарын сақтаудың белгіленген ережесін сақтаулары үшін бақылауды іске асыру;

- қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылық фактілерін тіркеу үшін техникалық қаражатты қолдану ұсынылсын.


5. «Астана қаласының Жұмыспен қамту, еңбек және әлеуметтік қорғау басқармасы» ММ-не бас бостандығынан айыру орындарынан босаған және ішкі істер бөлімінде есепте тұрған тұлғалар арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу, оларды әлеуметтік бейімдеуге көмектесу және жұмысқа орналасуға жәрдемдесу ұсынылсын.

Зандылық, құқықтық тәртіп және көпшілікпен жұмыс мәселелері жөніндегі тұрақты комиссия төрағасы



Г. Қасенов

Әлеуметтік – мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссия төрағасы



М. Шайдаров

Бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссия төрағасы



М. Шекенов

Құрылыс, экология, көлік, сауда және тұрғын үй – коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссия төрағасы

С. Жүнісов